

«8D05307 – Физика және астрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін Конысбаев Талгар Күнтүғанұлының «Әр түрлі геометриялық сценарийлердегі қараңғы материя мен қараңғы энергия» тақырыбы бойынша диссертациялық жұмысына отандық ғылыми жетекшісінің

## ПІКІРІ

Әлемнің 68,3%-ын қараңғы энергия, 26,8%-ын қараңғы материя және 4,9%-ын барionдық материя құрайды. Қараңғы материя – тек қана гравитациялық әсерлесуге қатысадын материяның ерекше түрі. Сондыктан да оны тек жанама әдістер арқылы бақылауға болады. Қараңғы материяның бар екендігіне галактикалардың айналу кисығы мен гравитациялық линзалауға негізделе отырып, көз жеткізуімізге болады. Ал қараңғы энергия Әлемнің үдемелі кеңеюіне жауапты. Әлемнің үдемелі кеңейуін аса жаңалардың жарқылың стандартты шырақ ретінде қолданып, талдау жасау арқылы анықтаған. Қараңғы материя мен қараңғы энергияның кұрамы мен табиғаты әлі күнге дейін белгісіз. Сондыктан диссертациялық жұмыста жасалған зерттеулер заманауи өзекті мәселелер қатарына кіреді.

Диссертациялық жұмыста, тангенциалды қысымы нөлден өзгеше болатын қараңғы материяның статикалық аса массивті қара құрдым айналасындағы аккрециялық дисктің жарықтылығына әсері изотропты қысым жағдайларындағы сандық нәтижелермен салыстырылады. Қараңғы материя бар кездегі аккрециялық дисктің жарықтылығы мен ағыны вакуумдық жағдаймен салыстырылғанда өзгеше болатыны көрсетіледі және тангенциалды қысымының әсері ескерілді. Сонымен қатар, қараңғы энергия мен қараңғы материяның біріктіретін бір сұйықтықтан тұратын термодинамикалық ғарыштық үдеуге әкелетін қараңғы энергияның логотропты модельдерінің төрт типологиясының динамикалық және бақылау ерекшеліктері тексерілді. Алдымен Антон Шмидттің екі негізгі сұйықтығы ұсынылады, онда  $\gamma_G$  еркін өзгеретін Грюнайзен параметрі, содан кейін мысал ретінде  $\gamma_G = 5/6$  мәніне бекітілді. Сондай-ақ  $\gamma_G = -1/6$  сәйкес келетін таза логотропты модельді зерттелді. Сонында жалпыланған логотропты сұйықтық ретінде қарастыралатын жаңа логотропты парадигмасы ұсынылады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері отандық және халықаралық ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндады. Диссертация материалдары бойынша 10 баспа жұмыстары, оның ішінде 8 мақала Scopus базасында, 2 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарияланған.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында Конысбаев Талгар Күнтүғанұлы жеке өзі және топпен бірге жұмыс жасай алатынын дәлелдеді. Берілген тапсырмаларды уақытында жауапкершілікпен орындал, өзін жақсы жағынан көрсете білді.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе; диссертациялық жұмыс барлық талаптарға сәйкес келеді, сондыктан оны қорғауға жіберуді ұсынамын. Ал ізденуші, Конысбаев Талгар Күнтүғанұлы «8D05307–Физика және астрономия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

PhD, профессор

Аттықызы Елеуісова  
әл-Фарabi атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мәдениеттік мекемесінің  
даярлау және атtestatigaу қызметтерінің басшысы

**ЗАВЕРЯЮ**

Начальник управления подготовки и аттестации  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби

Р.Е. Кудайбергенов



Бошкаев К.А.